

УДК 82

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ҚАҺАРМАНДЫҚ ЖЫРЛАРЫНДА БАС ҚАҺАРМАНДАР ҮШІН ӨЗ ЕЛІ, ЖЕРІ – КИЕЛІ, ҚАСИЕТТІ МЕКЕН, АЛТЫН ҚАЗЫҚ

Шабан Айдогду

Сүлеймен Демирел университеті, ф.ғ.к., ассист. проф.

Özet

Türk Halkları epik destanlarında kahramanlar sefere çıkarken olsun, düşman ülkesinde zafer kazanıp yönetime el koyup kendisine tam itaati sağladıktan sonra olsun her zaman yurduna hızlıca geri dönmek düşüncesinde olmuşlardır. Kahramanlar düşmanların çok güzel şehirlerini, saraylarını ele geçirmelerine rağmen oralarda yerleşip kalmamışlardır. Alışageldikleri göçebe yaşama geri dönmüşlerdir. Bu durumu incelediğimiz destan örnekleri ispatlamaktadır

Резюме

В статье рассматриваются эпические произведения Тюркских народов, мысли батыров во всех временах были только о возвращении домой на родину. Несмотря на всю красоту и богатства страны которая потерпела поражение, в конце концов батыры возвращались к кочевничеству. В рассматриваемых произведениях можно увидеть великую любовь к своей родине.

Abstract. In Turkic legends heroes always set their minds on returning to their homeland as soon as possible before attacking the enemy or even after winning the battle and taking over the state. The hero will not stay in beautiful cities of the enemy. Nor will he be attached to the soaring towers and magnificent castles with green gardens. Eventually, he will return to his nomadic way of life. In our legends heroes consider their motherland as a sacred holy place. The evidence to the values of the heroes mentioned above can also be found in this study.

Эпикалық жырлардың бас кейіпкері батырдың жауға жорыққа аттанарда болсын, жау елінде жеңіске жетіп сол елдің билігін қолға алған сәтте болсын еліне қайту оның ойында жүреді. «Батыр жаудың небір әсем шаһарларын, биік мұнаралы бекіністерін, бау-бақшалы сарайларын шауып алғанымен онда тұрақтап қалмайды, аяғында сол баяғы көшпелі тіршілікке қайтып оралады» [1, 194-б.]. Әсіресе ұзақ уақыт жау елінде тұтқын болған батыр толық жеңіске жетіп жаудың бас батырын немесе бек-хан-патшасын өлтіріп кегін қайтарғаннан кейін уақыт өткізбей дайындалады да, еліне қайтуға асыға жолға шығады.

Бұл айтылғандарға дәлелді біз қарастырып отырған жырлардан да таба аламыз. Жау елінде әртүрлі себеппен (тұтқын болу, т.с.с.) тұрып қалған батырдың еліне қайтуына себеп болған туған жерінде орын алған оқиғалардан батыр кейде жау елінде болған кезінде хабардар болса (Баттал

Ғази Тариюнның елінде болғанда, Алпамыс Тайшық ханның елінде болғанда), көбінесе ол елінде болып жатқан жағдайлардан мүлде бейхабар болып келеді (Қобыланды, Жаныш-Байыш, Ер Табылды, Баттал Ғази).

Алпамыс Тайшық ханды өлтірген соң, қалмақтың атақты батырларын қырып, осылайша үлкен жеңіске қол жеткізіп, баяғы өзін алдаған мыстанды да өлтіріп, кегін қайырып, Қаракөзайымның қасына келеді. Дұшпандарының аман қалғандарын өзіне бағындырып, Кейкуатқа берген уәдесін де орындап, патшаның тағына отырғызады. Батыр өзі Қаракөзайымға үйленіп, бұрын қойшыны менсінбей жүрген Жүрметүз деген сұлуды Кейкуатқа қосады. Кейкуат батырға әбден риза болады. Батыр Қаракөзайымға үйленгеннен кейін оның елінде отыз екі күндей тағы тұрып қалады. Міне осы кезде батыр түнгі ұйқысында нашар түс көреді. Батыр көрген түсін елінде жаман бір уақиғалар болғанына жориды да, Қаракөзге әр уақытта келіп тұратыны жөнінде уәде беріп, оны өз елінде қалдырып, жеті жылдан бері көрмеген өз еліне қайтады [2, Б.51-56].

Осы тұста міндетті түрде атап өтілуге тиіс жайт: ол батырлардың өзіне жақсылық жасаған кісілердің алдында ешқашан да қарыздар болып қалмайтындығы – түркі халықтарының эпикалық жырларына тән «ортақ жерлердің» бірі болып табылатындығы. Мысалы, «Баттал Ғази» жырында да бас қаһарман өзіне адалдық көрсеткен еврейдің қариясына қыз алып береді. Жақсылыққа жақсылықпен жауап қайыру сарыны «Данишменд Ғази» жырында да кездеседі. Бұл жырда бұндай жағымды мінезбен бас қаһарманның досы – Артухи дараланады.

Қобыланды да жалпы түрік батырларына тән мінезбен өзін тұтқындаған Көбіктіні өлтіріп, жеңісіне қол жеткізген соң сол жау жерінде тұрақтамай, Қараман мен Қарлығаға барып қосылады да, елге қайтады. Міне, сол тұста басқа жырларда кездеспейтін тосын оқиға болады. Жолда Қараман сауға місе тұтпай, Қарлығаны да сұрайды. Қобыланды Қарлығаның көмегімен оның әкесі Көбіктіні өлтіргенін, осы жеңісіне оның үлкен еңбек сіңіргенін айтып: «Қарлығаның өзі біледі», – дейді. Бірақ Қараман Қарлығаға барып, Қобыландының оны өзіне бергенін айтып, алып кетеді. Олар қалың қияттың қолына барып қосылып, елге қарай жолға шығады. Осы кезде тағы да екі алмай қалады. Оның да өзіндік сыры болады, бірақ ол кейін айқындалады. Ал, соң батырмен ісі болмай, оны ай далаға жалғыз өзін тастап, кетіп қалады. Батыр досының опасыздығына қапаланып, жалғыздығын сол кезде есіне алып,

қасына өз елінен қосшы алып келмегеніне өкінеді. Батыр түнде Құдайға зарын айтып, жылап жатып ұйықтап қалады [2, Б.116-119].

«Жаныш, Байыш» жырында да батыр елге оралар алдында шешуші соғысқа қатысады және жекпе-жекке шығады. Белқыс сонда әкесін өлтіреді. Белқыстың өз әкесін өлтіргенін көрген қалмақ әскерлері: «Әкесін атқан қара бет кімге опа қылады?»-деп, қашып кетеді. Жаныш, Байыш және Белқыс үшеуі қосылып қашып бара жатқан қалмақ қолын қырады. Осы кезде бұрыннан Белқысты алам деп дәмеленіп жүрген Желмаянды олар қолға түсіріп, тұтқындайды. Желмаянды олжалаған аттарына жылқышы етіп, Алты Шаарға қарай жолға шығады. Жолда Белқыс «Осы опасыз қапылыста жаулық жасар», – деп, Желмаянды өлтіруге кеңес береді. Жаныш пен Байыш та оның айтқанын мақұл көріп, Желмаянды сол жерде атып өлтіреді. Осылай бір жағынан өздерін алдап, тұтқынға түсулеріне себеп болған Желмаянды өлтіріп, одан кегін қайырса, бір жағынан Байыштың бәсекелесі де өледі. Олар өз елі – Алты Шаарға қарай жақындап келгенде, өздерінің жұрттарында өзгеріс болғанын, бұрын өздері барындағыдай елдерінің әдемі қалпында гүлденіп тұрмағанын байқайды. Олар қалың орманның шетіне келіп тоқтайды [3, Б.90-96].

Жалпы жырларда батырлардың негізгі жауын жеңіп, жау елінен өз еліне қайту үшін жолға шыққаны сияқты Ер Табылды да Манас күмбезіндегі емшінің қасынан шыққаннан кейін досы Элдиярмен бірге елге қайтады. Жол жөнекей емші ескерткендей жарасы қайтадан қозып, батыр қатты қиналып, жүре алмайтын халге жетіп, зорға дегенде бұрын өздері кетерде елімен қоштасқан ауылы орналасқан жерге келсе, өздерінің жұртында ешкімнің жоқ екенін, елінің көшіп кеткенін көреді. Ол да осындай үлкен өзгеріске тап болады. Батыр бұдан ары жүре алмайтынын айтып, Элдиярды елге барып, дәрі-дәрмек алып келуге жібереді. Ал, өзі сонда жатып қалады [4, Б.225-232].

Баттал Фирдевстің елінде Харутты да өлтіргенін жария қылғаннан кейін Харуттың әскерлері батырға: «Өзіңнің дінің хақ дін болса, Иса пайғамбар сияқты өлілерді тірілт», – дейді. Батыр өзі құтқарған Асым пірге барып: «Өліні тірілтетін дұға барма?» – дегенде, ол: «Қызыр Ілиястың дәргеіінде ғана бар» – дейді. Баттал Қызыр Ілиястың дәргеііне барып, сонда қырық күн болып, Қызыр Ілиястың батасын үйреніп келеді. Баттал қалаға келгенде халық: «Фирдевс өлтірген екі ғашық бар еді. Оларды тірілтіңіз және олар сіздің дініңіздің дұрыс екендігін айтсын», – дейді. Батыр халықпен бірге ғашықтардың мазарына барып, сол жерде Ілияс пайғамбардың дұғасын оқығанда, мазар жарылып, ішінен екі ғашық Мұхаммед пайғамбарымызға салауат айтып шыға келеді. Ол жердегі халықтың барлығы бір ауыздан иман

кәлима айтып, мұсылмандықты қабылдайды. Батыр ғашықтардың өтінішімен қайтадан дұға оқиды да, олар қайтадан қайтыс болады. Батыр жұртпен бірге оларды жерлеп, қалаға келеді. Батыр Фирдевстің барлық жұртын өзіне қаратқаннан кейін өзіне бағынған Фирдевстің барлық бектерін қалаға жинап, оларға Асым пір өз орнына таққа отырғызған Абдүллоқман патшаға бағынуларын, ал, патша бір жағдайға ұшыраса, өзіне хабарлауын тапсырып, Асым пір мен төрт жүз қызметкерді ертіп, олжарын алып, елге қайтады [5, 142-б.].

Тариюнның елінде оның қызы Гүлендаммен бір жылдай бірге тұрған Баттал Ғази бір күні жылап жібереді. Себебін сұраған Гүлендамға көп уақыттан бері сол жерде қалып, елін, балаларын сағынғанын, мұсылмандар үшін күреспегенін, соны ойлап, қайғырғандықтан, жылағанын айтады. Гүлендам өзінің екіқабат екенін айтып, одан өзін ұмытпайтыны жөнінде уәдесін алып, кайзердің әкесінен әскер алып келуін сұрағанын, сондықтан әкесінің ертеңгі күні бар әскерімен жолға шығатынын, олармен бірге оны жібере алатынын, бірақ өзін ұмытатынынан қауіптенетінін айтады. Баттал ұмытпауға уәде беріп, баласы туғанда белгі болсын деп: «Ер бала болса, қолына өзім арнайы қалдырған матаны байла және атын «Бешир» деп қой. Қыз болса, өзім қалдырған моншақтарды мойнына іл және атын өзің қалауың бойынша қоя бер»-дейді де, сүйіктісімен қоштасып, Тариюн сапарға аттанған күні Малатияға қарай аттанады [6, Б.167-174]. («Алпамыста» да батыр Қаракөзайымды өз еліне апармайды. Баттал Ғази де Гүлендамды алғашында еліне апармайды. Бірақ кейіннен алғызады).

Ал, кайзердің Қытай патшасы Кыравани магрибімен бірге өз еліне шабуыл жасағанын Баттал Кетаюннан естіп, Кетаюнды қырық құлы және күңімен бірге алып, өз елі Малатияға қарай аттанады [6, 263-б.].

«Данишменд Ғазиде» батыр жаудың атақты қаласы және қорғаны Янкониені де алып, үлкен жеңіске қол жеткізеді. Сол кезде Харашнадан екі елші келіп, батырға әйелі – Гүлнуш Банудың бір ұл тапқанын хабарлайды. Мелік және қасындағылар қатты қуанышқа кенеледі. Мелік: «Баламның аты Ғази Бек болсын», – дейді. Кейін өзі де жолға дайындалып, әйелін қалдырған Харашна қаласына қарай аттанады [6, 172-б.].

Батырларымыздың сол өзіне қаратқан елдің билігін қолына алып, жау билеушісінің сұлу қызымен үйленіп, әсем қалаларында тұрақтап қалып, сонда қызық дәурен сүру ойында болмайды. «Эпос оқиғасы белгілі бір жерден басталып, бір жерден аяқталады. Көшіп-қонып мал баққан елдің ортасынан шыққан батыр талай ерлік жасап, соңында бейбіт кәсібіне қайта оралады.

Қарап отырсақ, мекен бірлігі /бір жерден басталып, сол жерден аяқтау/ дәуір тұтастығымен барабар» [5, 194-б.].

Эпосқа тән осы дәстүр түркі халқының барлық жырларында бұлжытпастан сақталады. Көне түркі жазба ескерткіштерінде Өтүкен қойнауында тұрғандардың ешқашан мұң болмайтыны, түркі жұртына ең қолайлы мекеннің сол жер екендігі қайта-қайта шегеленіп айтылуы сияқты өзге жырларымызда да бас қаһармандар үшін өз елі, жері – киелі, қасиетті мекен, алтын қазық. Қайда барса да, олардың айналып келетін жері де – осынау қасиетті мекені. Біз қарастырған жырлардың ішінде «Данишменд Фази» жыры ғана осы дәстүрге қайшы келеді. Себебі, батырдың жау елі – Византияны толық өзіне қарату үшін жасаған бір жорығы келесісіне ұласа береді. Оның түпкілікті ойы осы жаңа елді толық бағындырып, тұрақты қоныс ретінде келесі ұрпаққа мұра етіп қалдыру болған.

Қаһармандық эпоста батырдың бұлайша әсірелене бейнеленуінің сырын А.Байтұрсынов: «Бұрынғы жаугершілік заманда халық тән есебінде болғанда, батырлар жан есебінде болған. Сондықтан да батырлар турасындағы әңгіме-халықтың жаны, рухы турасындағы әңгіме; халықтың батырлары қандай болса, халықтың рух жағы да сондай болған. Ертеке жырдағы батырлар сипатына қарасақ, ол жырлар халықтың рухы нағыз көтерілген шағында шыққандығын байқаймыз. Жеке мақсат жағымен азаматтары есептеспей, ұлы мақсат, ұлы мұратпен болып, жұрт үшін, көп үшін құрбан қылмайтын нәрсесі болмағанын көреміз», – деп түсіндірген [7, 286-б.].

Әдебиеттер

- 1-Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.
- 2-Төрт Батыр. – Алматы: Жалын, 1990. – 215 б.
- 3- Жаныш-Байыш. – Бишкек: Шам, 2002. – 468 б.
- 4- Шырдакбек. Эр Табылды: Эпостор. – Бишкек: Шам, 2002. – 400 б.
- 5- Necati Demir, Mehmet Dursun Erdem. Battal Gazi Destanı.– Ankara: Nece Yayınları, 2006. – 1.Baskı. – 384 s.
- 6- Necati Demir. Danişmend-Name.– Harvard Üniversitesi Yayınları, 2002.– 237 s.
- 7- Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. – Т.1. – 408 б.